

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы « 11 » қарашадағы  
№ 954 қаулысымен  
бекітілген

**Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптар пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизия (резерв) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру қағидалары**

1. Осы Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптар пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизия (резерв) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Тізбе қалыптастыру қағидалары) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 323-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптар пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизия (резерв) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизия (резерв) құру жөніндегі шығыстар сомасын

шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Тізбені бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын ұлттық басқарушы холдингтің өтінішхаты бойынша салық саясаты саласындағы уәкілетті орган енгізеді.

4. Ұлттық басқарушы холдингтің өтінішхаты заңды тұлғаның осы Тізбе қалыптастыру қағидаларының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар:

- 1) заңды тұлғаның жарғысымен;
- 2) заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) тізілімінен үзінді көшірмемен (егер шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін бірыңғай тіркеуші жүргізсе) қоса салық саясаты саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда жіберіледі.

5. Салық саясаты саласындағы уәкілетті орган өтінішхатты ол түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарап, мынадай:

- 1) заңды тұлғаны тізбеге енгізу мүмкіндігі туралы;
- 2) заңды тұлғаны тізбеден шығару мүмкіндігі туралы;
- 3) заңды тұлғаны тізбеге енгізуден бас тарту туралы дәлелді шешімдердің бірін шығарады.

Салық саясаты саласындағы уәкілетті органның шешімі ұлттық басқарушы холдингке жазбаша нысанда жіберіледі.

Осы Тізбе қалыптастыру қағидаларының 4-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда салық саясаты саласындағы уәкілетті орган өтінішхат түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде құжаттардың толық топтамасын ұсыну үшін пысықтауға қайтарады.

6. Тізбеге қосу үшін заңды тұлға мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- 1) осындай заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі;
- 2) заңды тұлғаның негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылады;
- 3) заңды тұлға Салық кодексінің 323-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген салық төлеуші болып табылмайды.

7. Заңды тұлғаның осы Тізбе қалыптастыру қағидаларының 6-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі және/немесе осы Тізбе қалыптастыру қағидаларының 4-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы заңды тұлғаны тізбеге қосудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

---